

Киелі Нұра топырағында туып, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті, Қарағанды педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, еңбек жолын Шет ауданында бастаған. Мұғалім, мектеп директоры, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық мәдениет бөлімінің, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметтерін ұзақ жылдар бойы атқарды. Бүгінде өзі басқарып отырған аудандық мұражай облыстағы алдыңғы қатарлы болып саналады.

Туған жерге, елге деген, ерекше махаббаты оның шығармашылығында айшықталып тұр. Кезінде «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблін Республикаға танымал етуде еңбегі ерекше болды. Алматыға бастап барды. Кейін Министрліктен рұқсат алып, бір ай бойы Семей облысын аралап, аудан өнерін паш етті. Аудандық халық театры сол кезде екінші бірінің қолынан келе бермейтін М.Әуезовтің «Қаракөз» драмасын сахнаға шығарып, республикалық конкурста жүлделі орын алды.

Майталман сазгер Ыбыжан Төлегенов екеуі бірігіп жазған «Ақсу-Аюлы мекенім» әні бүгінде ауданның гимніне айналған.

Зәкең әйгілі «Ұлытау» ән-би ансамбліне жетекші болып, Грузия Республикасының 60 жылдығына қазақ елінің өнерін паш етуге қатысқан.

«Ән мен әнші» бағдарламасында патриоттық әндер конкурсын өткізуге ұсыныс жасаған да Зәкең еді. «Мектебім-көктемім», «Махаббат», «Қарағанды көктемі» әндері үшін Зәкең лауреат, дипломант атанды.

«Домбыра» әні «Жас қанат» байқауында І-ші орын алды. Бүгінде 50-ге жуық әннің, оншақты күйдің авторы. Ол 2003 жылы «Өмір толғауы» атты әндер

87 35 06
 Ы.АЛТЫНСАРИН

Бүршік атсын аришасы



Тағы да бір шаңқ етті (бола ма иттің киесі?!)
 Тиген оқтан «аһ» ұрып, құлан түсті иесі...
 Тұра қалды кенеттен, келе жатқан бір көлік,
 Көріп қалып бір итті, сүйрегені тірі өлік.

Түсінбейтін өмірде, қуалайды мың сұрақ,
 Тартқылайды денені, жолға қарай қыңсылап.
 Тұла бойы қызыл қан, тұмшаланып
 жанары,
 Ала төбет жалынышпен адамдарға қарады.

Қайратына ақырғы тілемей ақ төлемін,
 Адамдардан адамға, сұрап тұрды көмегін!
 От құшты сол сенімен, адалдықты сән
 қылып.
 Ала төбет мерт болды, қалды сонда
 мәңгілік.

...Кей жаманды көргенде ит екендеп сөгеміз,
 Тең келмейтін сол құды, иттен артық
 көреміз?!
 Опасыздық алдау, арбау - көп адамның
 шатағы.
 Көбімізге иттердің, адалдығы ай жетіспей
 жатады!
 2005 ж.

**жинағын жұртшылыққа ұсынды.
Қыздарбек күйшінің алтын
тұяқтарының сынығы, «Зару
қосбасар» күйі соның айғағы.**

**Ұзақ жылғы еңбегі үшін
Министрліктің грамоталарымен
марапатталды, бүгінде
Қазақстан Республикасы білім беру
ісінің үздігі.**

**Жүрегінен жыр өріп, сезімді
әнмен тербеткен қазағының қара
домбырасынан күй толқынын
селдеткен, туған елдің өнері
мен мәдениетіне. өзіндік өнеріне
Зарубай Сүйіндікұлына
шығармашылық табыс тілейміз.**

Ақ көңілдің көктей берсін терегі

Қаңқу сөзді қайтесің сен, Зәрубай,
Одан дағы жырыңды жаз жалындай.
Күмбірлесін домбыраңның шанағы,
Керемет үн кернеп кетсін даланы.

Тағылының таңдай қақсын жартасы,
Бұғылының бүршік атсын аршасы.
Аюлының сарқырасын бұлағы,
Жайқалсыншы қайран Нұра құрағы.

Жырыңды оқы бір биіктен сезіммен,
Қарлығаштар қайта оралсын безінген.
Жердің бетін жайлап алсын бір тылсым,
Қырандарым інге емес, күнге қарай
ұмтылсын.

Қара бұлттар ақ нөсерге айналсын,
Өсекшінің тілі ұзын байлансын.
Жақсылардан жамандарың боздасын,
Хас жүріктен жабыларың озбасын.

Бағаласа бағы жансын күйді кім,
Ер жігіттер баптап жатсын жүрігің...
Қаншықтары оқ тигендей қыңсылап,
Қандендері қысып қалсын құйрығын!

Ақ көңілдің көктей берсін терегі,
Маған, саған керегі сол, керегі.
Ақын жаны соны көрсе арман жоқ,
Сол бір сәтте жарылса да жүрегі!

2005 ж.

• • •

Көкейіме бұлбұл құсты қондыра,
Жан дүнием бірде күйіп, тоңдыра.
Бебеулеткен, ең даланы боздатып,
Егіз шектен айналайын домбыра!

Шанағында көне тарих елесі,
Алға сүйреп бүгінгі өмір кемесін...
Ғашықтардың алғаш тілін сен ұғып,
Ерлігімді жырлауменен келесің.

Күн туғанда шұбырынды ақтабан,
Басты қару өзің болдың баптаған,
Қайран, қайран Махамбеттер от жалын,
Басын беріп, домбырасын сақтаған!

Өуенімен қай шіркін таласады,
Өзіңменен түрленер дала сазы.
Сен құдіретті болмасаң қашыт жүріп,
Төкпес еді күй селін Құрманғазы.

Талай-талай ашы жедім тәтті деп,
Бүгінгіге ғасыр үні жетті кеп,
Дала жетім болар ма еді төкпесе,
Саржайлау мен Қосбасарды Тәттімбет.

Күйкі тірлік, көздің жасын тыймадық,
Жалтақтамай, күй жолына қи бәрін!
Тыңдамасам болар едім сормандай,
Бұлбұлымен Әсем қоңырын Динаның.

Дәулеткерей, Қыздарбек пен Түркешім,
Намыс берген дауыл күйдің тіркесі...
Арнасынан асқан сәтте Нұр аға,
Лақтыратын күй үстінде күртесін!

Шертіндерші құлақ күйін бұраңдар,
Шаң баспасын екі шекте ұран бар,
Қазақ жерін жайлап алсын тілегім.
Домбыраны қастерлейтін ұландар!

Ит туралы баллада

Адамдарға әсер етіп жаны ізгі,
Ертеректе естіген ем қариядан аңызды.
Айлар, жылдар өтсе де, кешегідей тәрізді,
Оқиғасы түсінгенге бүгінде маңызды.

Көзден ұшқын, ұсқынынан әр тайып,
Үйшігінде жатты төбет қартайып.
Ал иесі ұзақ жылға серігің,
Алдамаған, ақтап өткен сенімің.

Қанша айтқанмен жамандыққа қия алмай,
Кіріп-шығып жүрді үйіне, байыз таппай
сия алмай.
Тұра бермес бұл өмірде, мәңгілікке таң
күліп,
Туу бар да өлу бар, ол табиғи заңдылық..

Жиырылып, созылып берген дәмді татпады,
Қиналғаны итінің иесіне батқаны.
Жылжи-жылжи уақыт болған кезде екінді,
Қожайыны төбеттің бір шешімге бекінді.
Күйіп-жанып денесі, жатқанынша от
болып,
Дұрыс деді жіберген бір оқпенен жоқ қылып.

Мұңда басып жанарын, секілді бір мас адам.
Келіп жетті итімен, жолдан таяу тасаға.
Іліндіре асыға қарауылға өкпені.
Шегінді де дірілдей, қайырды қос шүрпені.
Шанқ еткен бір дауыстан, тауда қалды
сілкініп,
Шыр айналып дүние, тына қалды бір түрлі,
Ал иесі не себеп, итке қарай ұмтылды.
Сол бір сәтте сүрініп, ұушып түсті
мылтығы.


Аққу домбыра

Әні мен сөзін жазған
Зәрубай СҮЙІНДІКҰЛЫ
Нотаға түсірген
Қайрат МҰСТАФИН

Домбыра,
Шанағыңнан айналайын домбыра,
Сағағыңа жалғанайын домбыра
Сырлас, мұңдас пернелер,
Сені ұғынған кемеңгер,
Аққу мойын киелім,
Алдыңа кегі жүгініп,
Мен басымды иемін,
киелім!

Домбыра,
Асыл сөзі, кекті көзі бабамның,
Шырылдаған бозторғайым даламның
Екі ішегі - егізім,
Құдіреті сезімнің.
Аққу мойын киелім,
Алдыңа кеп жүгініп,
Мен басымды иемін,
киелім!

Домбыра,
Өзің деймін ар-намысым домбыра,
Қиындықта қорғанымсың домбыра
Тұғырында тиегім,
Тыңда әлем күй елін,
Аққу мойын киелім,
Алдыңа кеп жүгініп,
Мен басымды иемін,
киелім!





Ағыбай батыр

Әні мен сөзін жазған
Зәрубай СҮЙІНДІКОВ
Нотаға түсірген Қайрат МҰСТАФИН

Зулайды жebelер,
Алмасады төбелер.
Тұлпарлардың тұяғы,
Таптап жатыр қияны.
Е-е — е-ей...

Қасиетті дала үшін,
Қасіретті ана үшін.
Жөргектегі бала үшін,
Көңілдегі нала үшін.

Қайырмасы:

Ехе-ехей, А-қжол, Ақжол
А-қжол, Ақжол
Ақжолтайым, Ағыбай
Маңдайына біткенсің
Қазағымның бағына-ай!
Ағыбай! Ағыбай

Қыран құстай жанары,
Кең далаға қарады.
Түйгілді де қабағы,
Құйын болып барады.
Е-е-е-ей...

Тұлпардың тұрағы,
Таусылмайтын жыр өлі.
Сыбырлайды боз дала,
Болыңдар деп қырағы.

Қайырмасы:

Екпінді, жігерлі

Фудзияма

Жапон, жапон, жапондар түсі бізден аумайды,
Бақыт құсы басында, тұғырынан таймайды.
Мұхиты бар даламыздай, табыстары телегей,
Айырмасы байқасам, олар бай да, біз кедей.

Ақындарын жалалау, жоқ оларда тұзақтау,
Тәңірім хош көргеннен, ғұмырлары да
ұзақтау.

Абайларды аямай, сәнін жойдың Сәкеннің,
Тілдегің де келді-ау, еске түссе «әкеңнің»...

Атомға да түншыққан, осынау жандар кешегі,
Қажетіңе «жоқ» деген сөз, айтылмайды деседі,
Шенеуігім шалқайса, жаныма сол батады,
Олар болса иіліп, сәлемдесіп жатады.

Тілі, ділі құрметте, бойда білім тереңі,
Ұлы көшін бүгіннің, солар бастап келеді.
Бұл өмірге жаратқан, сол жандары епті ғып,
Бұл недеген ғажайып, бұл недеген тектілік?!

Бөтен сөзбен былғанды, бал сөзімнің арасы,
Жазылмай жүр жанымның, меңдеп кеткен
жарасы.

Тағы жапон жерінде, Фудзияма тауы бар,
Шаң бастырмай шаяды оны, ақ нөсерлі
жауындар.

Басына оның шыққандар, сөйлемейді көпіріп,
Жол ашық та шындыққа, айтылмайды екен
өтірік,
Жалақорлар баса алмай, көкірегіндегі өксікті.
Айтпаймын деп ант береді, енді гәрі өсекті.

Қанды қолды қарақшы, қашып жүрген
жымысқы,
Фудзияма басында мойындайды екен
қылмысын...
Айналдыруды қоймадық, биіктерді белеске,
Алатауды Фудзияма жасау, өз қолымызда
емеспе?!

Қанша жандар жазықсыз, сорды кешті азап та,
Алатау - Фудзияма, керек - ақсың, керек -
ақсың қазаққа!

Зәрубай СҮЙІНДІКҰЛЫ.